

Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2015 жылғы 26 мамырдағы № 398/53 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 маусымда № 4545 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 523/70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды – Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 16.09.2020 № 523/70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Павлодар қалалық мәслихаты шешімдері қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

H. Сәрсембинов

M. Желнов

Павлодар қалалық мәслихатының
2015 жылғы 26-мамырдағы
№ 398/53 шешіміне
қосымша

**Павлодар қалалық мәслихатының күші жойылды
деп танылған шешімдерінің тізбесі**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3698 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 ақпандағы № 8 "Шаһар" газетінде және 2014 жылғы 24 ақпандағы № 7 "Версия" газетінде жарияланған);

2. Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 6 мамырдағы "Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" № 264/36 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3808 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 мамырдағы № 20 "Шаһар" газетінде және 2014 жылғы 26 мамырдағы № 20 "Версия" газетінде жарияланған);

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 9 қыркүйектегі "Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 310/42 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4031 болып тіркелген, 2014 жылғы 3 қазандағы № 38 "Шаһар" газетінде және 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 38 "Версия" газетінде жарияланған);

4. Павлодар қалалық мәслихатының 2015 жылғы 20 ақпан "Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 366/50 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4387 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 наурыздағы № 12 "Версия" газетінде жарияланған).

Павлодар қалалық мәслихатының
2015 жылғы 26-мамырдағы
№ 398/53 шешімімен
бекітілді

**Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың
қағидасы**

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 11.09.2019 № 416/57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағида) 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша Павлодар қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысы бойынша статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Павлодар қаласының бөлімі;

10) участекелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Павлодар қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі - ЖАО) жүзеге асырылатын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ұсынылатын ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 – сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабында және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13-сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушының шотына аудару жолымен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Участекелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Павлодар облысының ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

2) 9 мамыр – Женіс күні;

3) 1 қазан – Халықаралық қарт адамдар күні;

4) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Әлеуметтік көмек келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) мүгедектері мен қатысушылары;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

2-1) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған азаматтар;

2-2) екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа мәжбүрлеп ұстай орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

2-3) басқа мемлекеттер аумағында ұрыс қимылдарына қатысқан қатысушылар, атап айтқанда: Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСРОдағы) (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге) үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан бұрынғы КСРОдағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары; жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСРО дағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер;

2-4) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

2-5) Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСРО дағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына тиісті кезеңде қорғанысына қатысу 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына есептелеғін қалаларда болған адамдар;

3) жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

3-1) ЧАЭС апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебімен мүгедектігі тектік байланыстағы олардың балалары;

4) жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша ҰОС қатысуышыларға теңестірілген адамдардың басқа санаттары, атап айтқанда:

4-1) Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезеңінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы, ауруы салдарынан қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

4-2) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің қайтадан некеге отырмаған әйелі (куйеуі), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған, жалпы аурудың, еңбек жарақатының салдарынан және басқа себептерден (заңға қарсы әрекеттерден басқа) мүгедек деп танылған азаматтардың әйелі (куйеуі);

4-3) ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО дағы ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар;

5) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО дағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

6) мүгедектер, атап айтқанда:

6-1) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек - балалар;

6-2) бірінші топтағы мүгедектер;

6-3) екінші топтағы мүгедектер;

6-4) кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар мүгедектер;

6-5) спортшы - мүгедектер;

6-6) көзі көрмейтін бірінші топтағы мүгедектер;

6-7) балалардың церебральді сал ауруымен, сал, парез, гидроцефалия, біріншілікті қорғаныс тапшылығы жетіспеушілігімен және аутизммен ауыратын 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасылар;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатындар қатарынан 18 жасқа дейінгі көп балалары бар аналар;

8) жоғары оқу орындарына қала әкімінің грантымен тұсken, көп балалы аз қамтамасыз етілген отбасылардан, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығының қалған жалпы білім беру мектептерінің түлектері;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

9-1) өтініш берушінің отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жүктілігі бойынша (12 аптаға дейін) есепте тұрған жүкті әйелдер;

9-2) пешпен жылдытылатын меншік секторда тұратын жалғыз тұратын мүгедектер және зейнеткерлер, көп балалы отбасылар (ең төменгі күнкөріс деңгейіне қарамастан), өтініш берген мерзімде ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстары бар отбасылар;

9-3) қайтыс болған уақытта уәкілетті органда есепте тұрған жұмыссыздар; онкологиялық, туберкулез ауруымен ауырғандар, жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі (бұдан әрі - ЖҚТБ) ауруынан қайтыс болғандар; қайтыс болған міндетті әскери қызметшілері; қайтыс болған 18 жасқа дейінгі балалар; қайтыс болған орта білім беретін арнаулы оқу орындарының оқушылары және күндізгі оқу бөліміндегі студенттер; қайтыс болған мерзімде уәкілетті органның тіркелуінде тұрмаған 7 жасқа дейінгі балалары бар жұмыссыздар;

9-4) өрт, дүлей апат салдарынан мүліктеріне залал келуіне байланысты тіршілік ету мүмкіндігінсіз қалған адамдар;

9-5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар;

10) әлеуметтік мәні бар аурулардан зардал шегетін азаматтар, атап айтқанда:

10-1) нәжіс, зәр және тыныс жыланкөздері бар онкологиялық аурулармен ауыратын адамдар (3, 4 кезеңдегі және аурудың кезеңінен тәуілсіз IV клиникалық топтағы, қан өндіру және лимфатикалық жүйенің аурулары (лейкемия, лимфопролиферативтік аурулар));

10-2) адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардал шегетін адамдар;

10-3) амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардал шегетін адамдар;

11) зейнеткерлік жасқа толған адамдар, атап айтқанда:

11-1) ең төменгі зейнетақы және жәрдемақы мөлшерін алатын азаматтар;

11-2) 80 және одан да жоғары жастағы ең төменгі зейнетақы және жәрдемақы мөлшерін алатын зейнеткерлер.

9. Уәкілетті орган табыс есебінсіз көмек көрсетеді:

1) атаулы күндер мен мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсетеді:

1-1) Халықаралық әйелдер күніне 8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті органның тізімі негізінде;

1-2) Женіс Күні қарсаңында 8-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті үйымның тізімі негізінде;

1-3) Халықаралық қарт адамдар құніне 8-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

1-4) Қазақстан Республикасының Мүгедектер құніне 8-тармақтың 6-1), 6-2), 6-3) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде 8-тармақтың 6-4) тармақшасында көрсетілген балалардың тууы туралы күелігі, өтініш берушінің мүгедектік туралы анықтамасы;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

2-1) тұрғын үйді жөндеуге нақты шығындар бойынша бірақ 500 (бес жұз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінен аспайтын 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар қосымшасымен қатар өтініш негізінде көрсетілген қызметтердің атқарылған жұмыстарына келісім – шарт;

2-2) тіс протездеу 25 (жиырма бес) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 2-3), 2-4) тармақшаларында көрестілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен қоса өтініш негізінде, алушының мәртебесін растау құжаты, стоматологиялық қызмет көрсету келісім - шарты, орындалған жұмыстар актісі негізінде;

2-3) санаторийге жеке көмекшінің еріп жүруіне 40 (қырық) АЕК дейін мөлшерінде (еріп жүрушінің тұруы, тамақтануы мен жолының шығындарының сомасы туралы құжаттардың қоса берілуімен) 8-тармақтың 6-1), 6-2) тармақшаларында көрсетілген санат үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде, мүгедектер туралы анықтама;

2-4) аймақтық, республикалық, халықаралық жарыстарға дайындалу үшін 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 6-5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – уәкілетті органның тізімі негізінде;

2-5) 4 (төрт) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 6-6) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде және бірінші топтағы көзі көрмейтін мүгедектігі жөнінде тиісті медициналық мекемеден анықтама;

2-6) 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде (әлеуметтік сауықтыру мен бейімдеуге) 8-тармақтың 6-7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде баланың туу туралы күелігінің көшірмесі, дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы, баланың мүгедектігі туралы тиісті медициналық мекемеден анықтамасының көшірмесі;

2-7) жерлеуге 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 9-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде қайтыс болуы туралы анықтама (алты айға дейін жарамды), қайтыс болу туралы күеліктің көшірмесі, қайтыс болған адамның Павлодар қаласының аумағында тіркелімін растайтын құжат;

2-8) 50 (елу) АЕК дейін мөлшерінде 8-тармақтың 9-4) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысының Төтенше жағдайлар Департаменті Павлодар қаласының төтенше жағдайлар басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі қорытындысы (алты айға дейін жарамды), тұрғын үйге меншік құқығын растайтын (пайдалануға) құжаттың көшірмесі немесе жалға алу келісім-шарты негізінде;

2-9) 5 (бес) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 9-5) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандығы жөнінде құжат;

2-10) 10 (он) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 10-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы "Павлодар облыстық онкологиялық диспансер" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынан анықтама;

2-11) 10 (он) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 10-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы деңсаулық сақтау басқармасы "Павлодар облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде;

2-12) 10 (он) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 10-3) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін "Павлодар облыстық туберкулезге қарсы диспансер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ұсынған тізімнің негізінде;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

3-1) 2 (екі) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 2-3), 2-4) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде алушының статусын растайтын құжат;

3-2) тұрғын - үй коммуналдық қызметтерінің шығынын төлеуге 7700 (жеті мың жеті жүз) теңге мөлшерінде 8-тармақтың 2-1), 2-2), 2-3), 2-4), 4-1), 4-2)

тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде алушының статусын растайтын құжат;

3-3) 3 (ұш) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 3-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде алушының статусын растайтын құжат;

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

4-1) 1 (бір) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде алушының статусын растайтын құжат;

4-2) 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін төлем алдағы айда тұрғын үйді ұстауға төлеуге талап етілген шығындар сомасы мөлшерінде тұрғын – үй коммуналдық қызметтерін өтеуге (газ, қатты отын - пешпен жылытылатын үйлер үшін) - уәкілетті органның тізімі негізінде толық өтеуге;

4-3) 8-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін (оқу кезеңінде тұруына, тамағына және тұрғылықты жеріне бару жол ақысына) - 15235 (он бес мың екі жүз отыз бес) теңге мөлшерінде;

10. Уәкілетті орган ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табысы бар адамдарға көмек көрсетеді:

1) 8-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде, қала әкімі, жоғары оқу орнының басшысы және студентпен қолы қойылған білім беру қызметтерін көрсетуге үш жақты келісім-шартта көрсетілген сомма өтіледі;

1-2) біржолғы әлеуметтік көмек:

1-3) 10 (он) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 9-1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде тиісті медициналық мекемеден анықтама (берілген құнінен бір айға дейін жарамды);

1-4) қатты отынды алуға 6 (алты) АЕК мөлшерінде 8-тармақтың 9-2) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін (екінші жартыжылдықта көрсетіледі) – осы Қағиданың 14-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен өтініш негізінде, тұрғын үйге меншік құқығын растайтын (пайдалануға) құжаттың көшірмесі, немесе жалға алу келісім – шарт негізінде, пештік жылытуды растайтын құжат.

11. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнағы комиссия айқындауды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

12. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) Павлодар қаласының аумағында тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

15. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

16. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияга жібереді.

17. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүктаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

19. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

21. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

22. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 18, 19-тар мақтaryнда көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

24. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек құнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Павлодар қаласының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккөрын пайдалана отырып жүргізеді.